

**Ақкөл ауданы бойынша 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № А-11/307 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 7487 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Ақкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Е. Әбілқайыроваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "13" қарашадағы  
№ А-11/307 қаулы жобасына  
1-қосымша

**Ақкөл ауданы бойынша 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	"Камила" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	47	2,1
2	"Калашникова" жеке кәсіпкері	21	4,8

Ақкөл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "13" қарашадағы  
№ А-11/307 қаулы жобасына  
2-қосымша

**Ақкөл ауданы бойынша 2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Ақкөл ауданы әкімдігінің жанындағы "Ақкөл-Горкомхоз" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	90	1,1
2	"Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл" орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	49	2

Ақкөл ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "13" қарашадағы  
№ А-11/307 қаулы жобасына  
3-қосымша

**Ақкөл ауданы бойынша 2020 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Ақкөл ауданы әкімдігінің жанындағы "Ақкөл-Горкомхоз" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	90	1,1

2	"Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл" орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	49	2
---	--	----	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК